



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙГАК

Gazet Qazaqstan Jurnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldız", Qazaqstan Jurnalistler odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy sylyqtarynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri

№49 /sársenbil/ 06 jeltoqsan 2023 ж.



ТҮРКИСТАН - ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ БОЙЫНША КӨШБАСШЫЛАР ҚАТАРЫНДА



TURKISTAN

Түркістан өңірінде инвестиция тарту, индустрияландыру жұмыстарына басымдық беріліп отыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп беру барысында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мәлім етті.

— Биылғы 10 ай қорытындысымен облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының оң өсімі сақталды. Жалпы өңірлік өнім көлемі 3 трлн. теңгеден асты. Ал өнеркәсіп өнім көлемі есепті кезеңде 2%-ға артып, жалпы 758 млрд. теңгені құрады. Аймақта зауыттар салу, инвестиция тарту жұмыстарына басымдық берілген. Шетелдік ірі компаниялармен келіссөздер тұрақты өтіп жатыр. Таяу жылдары өңірде ірі кәсіпорындар жұмысын бастайды. Сол бағытта бар күш-жігерімізді саламыз, — деді Дархан Сатыбалды.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ уран өндіруші компаниялардың сұранысына сәйкес, Созақ ауданында күкірт қышқылын өндіретін зауыт салу жоспарлануда. Жобаның инвестициялық құны 100 млрд. теңгені құрайды. 250 жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінгі таңда, зауыт құрылысына қажетті жер учаскесі бөлінді. Компания тарапынан техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде.

Өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін бірнеше маңызды жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде жалпы құны 30,2 млрд. теңгені құрайтын 20 жоба іске асырылып, 594 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Бүгінде 384 жаңа жұмыс орнымен жалпы құны 11 млрд. теңгені құрайтын 10 жоба іске қосылды. Бұл бағытта жұмыстар жалғасады. Өңірде ірі жобаларды іске асыру есебінен өзіндік кірістерді алдағы 5 жылда қосымша 100 млрд. теңгеге көбейту көзделуде. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібінде 20 жобаны жүзеге асыру жоспарланса, бүгінгі таңда 10 жоба іске қосылды (11 млрд. теңге, 384 жұмыс орны).

Облыс экономикасына тартылған инвестиция көлемі 1,4 есеге артып, 751

млрд. теңгеден асты. Тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 225,3 млн. АҚШ долларын құрады. Жалпы құны 3,3 трлн. теңгені құрайтын 194 инвестициялық жобалардың пулы қалыптасты. Олар 2023-2026 жылдар аралығында іске қосылып, 16 467 жұмыс орны ашылады деп межелеген. Биыл 51 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып, жыл басынан 39 жоба іске қосылды. 1230 жұмыс орны ашылды.

ҮШ ЖЫЛДА 100-ГЕ ЖУЫҚ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ



Демографиялық өсімі жоғары Түркістан облысында мектеп тапшылығын жою бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы білім сапасын көтеру-мемлекеттің басым мақсаты екенін атап өтті. Сондай-ақ балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және орта құру міндетін қойды. Түркістан өңірінде демографиялық өсім жоғары. Осыған байланысты оқушы 35 мың орынға тапшылық бар. Аталған мәселені шешу үшін 4 бағытта жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда бюджет есебінен жобалық қуаты 8250 орын 34 мектептің құрылысы жүргізілуде. Биыл 20 мектепті тапсыру жоспарланған. Бү-

гінгі таңға 6 мектеп пайдалануға берілді. Президент бастамасымен құрылған «Білім инфрақұрылымын қолдау қоры» арқылы құны 9,4 млрд. теңге болатын, жобалық қуаты 6 650 орындық 9 мектептің құрылысы басталды. Ал «Жайлы мектеп» жобасы шеңберінде 3 жылда 63 мектеп салынады. Жобалық қуаты — 49 мың орын. Биыл 29 мектептің құрылысы басталып, келесі жылы аяқталады. Қалған 34 мектепті 2025 жылы тапсыру жоспарлануда. Сонымен қатар жеке инвестиция есебінен жобалық қуаты 5000 орын болатын 17 мектеп салынды, — деді Дархан Сатыбалды.

«Жайлы мектеп» жобасы бойынша құрылысы биыл басталатын 29 мектептің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізетін мердігер мекемелер анықталып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Оларға қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жоспары бекітілді. Осы мектептерде жұмыс

лыста 121 мектеп бойынша талдау жүргізілуде. Бұл мектептер 1939-2011 жылдар аралығында пайдалануға берілген. Оның 51-іне 302 млн. теңге бөлініп, жобалық-сметалық құжаттары әзірленген. Осы мектептерді күрделі жөндеуге облыстық бюджет және «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасы арқылы кезең-кезеңімен 2024-2025 жылдар аралығында 38,9 млрд. теңге қаржы қарастырылуда. Ал қалған 70 мектептің жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге 2024-2025 жылдардың бюджетіне керекті қаражат енгізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ, — Балалардың сапалы білім алуы және қауіпсіздік мәселелері әрқашан облыс басшылығының назарында. Биыл осы мәселені шешу үшін «Қауіпсіз мектеп» жобасына облыстық бюджеттен алғаш рет 5,9 млрд. теңге қаражат бөлінді. Бұл бағытта білім беру ұйымдарында қауіпсіздік күшейтіліп, тиісті жұмыстар атқарылуда, — деді Дархан Амангелдіұлы.

Атап айтқанда, облыстағы 908 мектепке 7100 бейнекамера, бала саны 700-ден асатын 284 мектепке турникет, 193 мектепке 106 мың шаршы метр қоршау орнатылуда. 573 мектеп кәсіби күзет қызметімен қамтамасыз етілді. 937 (908 мектеп, 29 арнайы мекемелер) мемлекеттік білім беру ұйымының барлығына дабыл батырмасы орнатылды. 119 мектептің санитарлық-гигиеналық тораптары жаңартылды. Президенттің тапсырмасына сәйкес, 1-4 сыныптағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен және мемлекеттік мектептердің қауіпсіздік лицензиясы бар күзет қызметімен қамтамасыз ету мәселесі толық шешілді.

Айта кетейік, Түркістан облысында биылғы оқу жылында 1-сыныпқа 53 222 бала келді, 11-сыныпты 29 422 оқушы бітіреді. Облыста білім беру саласында 2 526 ұйым қызмет көрсетеді. 1393 мектепке дейінгі ұйымда 155 мың бала тәрбиеленуде. 2-6 жастағы балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші 98,5%-ды құрайды. Облыста жалпы 1029 мектепте 519 мың оқушы білім алады. Оның 908-і мемлекеттік болса, 121-і — жекеменшік.

Жалғасы 4-ші бетте

АҚЫЛЫ АВТОМОБИЛЬ УЧАСКЕСІМЕН ЖОЛ ЖҮРУ АҚЫСЫН ТӨЛЕМЕГЕНДЕРГЕ АЙЫППҰЛ 8-ШІ КҮНІ САЛЫНАДЫ

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жол жүру ақысын күнтізбелік 7 күннің ішінде төлеу қажет екенін еске салады.

Осы ретте төлем жасаудың 20-дан астам әдісі қарастырылған. Атап айтқанда, QAJ mobile мобильді қосымшасы, Kaspi.kz, Kiwi-өмиян, Forte Bank арқылы және т.б.

8-ші күні «Әкімшілік құқық бұзшылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 628-бабына сәйкес жол ақысын төлемеген жағдайда әкімшілік айыппұл есептеледі. Жеке тұлғалар үшін айыппұл мөлшері - 5 АЕК, заңды тұлғалар үшін - 10 АЕК құрайды (2023 жылы 1 АЕК көлемі 3 450 теңгеге тең).

Әкімшілік жауапкершіліктің алдын алу үшін автокөлік иелері мен жүргізушілер ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жол жүру ақысын уақтылы төлеуі қажет.

Сонымен бірге берешектері бар автокөлік иелері тарифке сәйкес қарыздарын өтеуге міндетті.

СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРІЛГЕН МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАСЫ ҚАДАҒАЛАНДЫ

Қала әкімі Фабит Сыздықбеков сенімгерлік басқаруға берілген медициналық ұйымдарға арнайы барып, қызметтерін тексерді. Алдымен 2021 жылы «АУХАЛ» ЖШС сенімгерлігіне өткен қалалық №2 емхананың материалдық жабдықталуындағы өзекті мәселелерді қарастырды.

Екі блоктан тұратын емханада ересектерге және балаларға медициналық қызметтер көрсетіледі. Мұнда қазір 400-ге жуық адам жұмыс істейді, оның ішінде 108 дәрігер, 230 орта медициналық қызметкер бар.

Тиісті қаражат бөлінбегендіктен, бүгінде медициналық ұйымның материалдық-техникалық базасы төмендеп, қондырғылардың тозығы жетіп, істен шыққан. Бұл келеңсіздіктер халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасына кері әсер ететіні белгілі. Осыны ескерген қала басшысы жауаптыларға аталған емхананы шұғыл түрде заң шеңберінде, сот тәртібімен мемлекет балансына алуда тиісті жұмыстарды жүргізу бойынша тапсырма берді.

Қала әкімі денсаулық сақтау басқармасына қарасты Залалсыздандыру орталығында да болып, материалдық жабдықталуын қадағалады. Мекеменің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында осыдан екі жыл бұрын сенімгерлік басқару бойынша келісім шарт түзілген болатын. Тәулік бойына жұмыс істейтін кәсіпорын қазір Шымкент пен Түркістан облысындағы медицина ұйымдарының құралдары мен бұйымдарын залалсыздандырады. Мұнда бүгінде 86 қызметкер жұмыс істейді.

Қала әкімі сала басшысына Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірлесіп келісім шартты қайта қарап, орталықтың материалдық базасын нығайтуды, қызметтік автокөліктерді жөндеуден өткізуді қатаң бақылауға алады тапсырды.

«ҰЛЫ ДАЛА АҒАРТУШЫЛАРЫ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНАСЫ ҚҰРЫЛДЫ



Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананың сайтында есімдері білім саласының қалыптасу тарихында алтын өріптермен жазылған ұстаздарға: Абай Құнанбайұлы, Ыбырай

Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Қанипа Бітібаева, Аягүл Миразова т.б. арналған «Ұлы дала ағартушылары» электронды кітапханасы құрылды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Электронды кітапханада ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, еңбектері, мақалалары мен зерттеулері туралы ақпарат алуға болады. Барлығы 1000-нан астам еңбек ұсынылған. Электронды кітапхана жыл бойы жаңа ақпараттармен толықтырылады. Алдағы уақытта электронды кітапхана білім саласына еңбегі сіңген ұстаздар еңбегімен толығы бермек.

Қазіргі таңда электронды кітапхананы пайдаланушылар саны 12 мыңға жуықтады.

ИНТЕРНЕТ-КАЗИНО МЕН «ҚАРА» БУКМЕКЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Туризм және спорт министрлігі заңсыз ойын бизнесімен, оның ішінде лицензиясы жоқ букмекерлік кеңселермен және интернет-казинолармен күресті күшейтуде. Қазақстанда казино мен интернет-казино, ойын автоматтары залдары, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларға заңнамалық лицензияларынсыз ойын бизнесін жарнамалауға қатаң тыйым салынған.

Осыған байланысты ойын бизнесіне бей-жай қарамайтын ел тұрғындарынан белсенді азаматтық ұстаным көрсетулерін және интернет-казинолардың, «қара» букмекерлік кеңселердің және заңсыз құмар ойындар мен бөс тігудің басқа да ұйымдастырушыларының сайттарын анықтаған жағдайда URL-сілтемелерді, ілеспе материалдарды (фото-

суреттер, скриншоттар) мына мекенжайлар бойынша жіберулеріңізді сұраймыз:

1. Электронды пошта stop_online_casino@mail.kz

2. WhatsApp мессенджер +7 707 907 15 07

Қысқа сілтеме: <https://wa.me/message/47IZQWTOEYQWF1>

3. Telegram бот @stop_online_casino_bot

Қысқа сілтеме: https://t.me/stop_online_casino_bot

Сонымен қатар төмендегі сілтемеде ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына ие субъектілердің тізімдері, яғни өз қызметін заңды түрде жүзеге асыратын субъектілердің тізімдері орналастырылған <https://www.gov.kz/memleket/entities/tourism/activities/30029?lang=ru&parentId=29976>

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ ЖОБАСЫН МАҚҰЛДАДЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар «Масс-медиа туралы» заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Президенттің тапсырмасы бойынша өзірленген заң жобасы мемлекеттің, қоғамның мүдделерін және қазіргі заманғы медиа индустрияның дамуын ескеретінін атап өтті.

«Онда онлайн-платформаларды қоспағанда, барлық интернет-ресурстарды қамтитын «масс-медиа» ұғымы қолданылады. Ең бастысы, заң жобасы сөз бостандығын қамтамасыз етіп, журналистердің мәртебесі мен мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді», - деп атап өтті Аида Балаева.

Негізгі өзгерістердің қатарында БАҚ сұрауларын қарау мерзімдерін қысқарту, грант-

тық қаржыландыруға көшу, БАҚ материалдарына талап қою мерзімін белгілеу және т.б. мәселелер бар.

Атап айтқанда, қолданыстағы заңнама шеңберінде БАҚ материалдарына талап қоюдың мерзімсіз кезеңі белгіленген. Министр БАҚ өкілдерімен және мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізген кешенді зерттеу барысында үш жылдық талап қою мерзімі туралы ереже бекітілгенін хабарлады. Бұл мерзім азаматтардың мүлтік емес жеке құқықтарының бұзылмауын ескере отырып жасалған.

БАҚ өтініштерінің түрлеріне нақты градация жүргізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарының жазбаша сұрауларына жауап беру мерзімі 7 жұмыс күнінен 5 күнге дейін қысқартылды. Бұл өзгерістер ЕҚЫҰ-ның Заң жобасына жүргізген құқықтық талдауында оң бағаланды.

Сондай-ақ, спутниктік ақпа-

раттың заңсыз құрылғыларымен күресу бойынша шаралар қабылданатын болады. Заң жобасында ресми отандық құрылғыларды орнатуға субсидиялау көзделген.

Заң жобасы аясында мемлекеттік ақпараттық саясатты негүрлым тиімді іске асыру үшін гранттық қаржыландыруға көшу жұмысы жүзеге асырылатын болады. Гранттық қаржыландыру бірінші кезекте жобаның шығармашылық құрамдас бөлігіне бағытталады.

Заң жобасында журналистердің кәсіби қызметін жеңілдету үшін баспасөз карталарын енгізу ұсынылды.

Заң жобасымен жұмыс істеген 5 ай ішінде Парламент қабырғасында 20-дан астам отырыс өткізіліп, министрліктің, үкіметтік емес ұйымдардың және медиа-сарапшыларының қатысуымен 200-ден аса толықтыру енгізілді.

ЖЕРЛЕСІМІЗ

“Mrs Gold International - 2023” АТАҒЫНА ИЕ БОЛДЫ



Жерлесіміз Баян Сәбитқызы халықаралық “Mrs Gold International - 2023” байқауында топ жарды.

Яғни, ағымдағы жылдың 25 қарашасы күні Тайландта өткен “Mrs Heritage International - 2023», яғни «Халықаралық Мұра Ханьмы» байқауына бақ сынасуға аттанған болатын. 10 күн байрақты бөсекеде дүние жүзінен келген 60 қатысушының ішінен оқ бойы оза шауып, өз санаты бойынша жоғары дәреже “Mrs Gold International 2023” титулына ие болды.

Ұлт мұрасын әлемге таныта берейік! Қазақтың қызы, келіні, Анасы жасай берсін!

ОҚУЛЫҚТАР МАЗМҰНЫНА САРАПТАМА ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПЛАТФОРМА ӨЗІРЛЕНДІ

2024 жылы оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау жұмыстарын арнайы электрондық платформада жүргізуге көшіру жоспарлануда. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы хабарлады.

Орталық өздерінде жүзеге асырып жатқан «Білім беру мазмұны мен білім беру ресурстарының сапасын бағалау жүйесі мен сараптаудың электрондық платформасын өзірлеу» кіші жобасының нәтижелерін жариялады.

«Министрліктің қолдауымен ғылыми,

ғылыми-техникалық жобаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында «Білім беру мен ғылымды модернизациялаудың ғылыми негіздері» атты ірі бағдарлама қолға алынды. Ол арқылы білім беру мазмұнын сараптаудың электрондық платформасы өзірленді. Бұл сараптама жүргізу кезінде оқу әдебиеттеріне сапалы таңдау жасауға ықпал етеді. Сондай-ақ оқулықтар мен ОӘК сарапшыларының мүмкіндіктерін кеңейтеді», деді Орталық директоры Назира Абдрахманова.

Платформа сараптама жүргізу кезінде объективті шешімдер қабылдауға, сарап-

тама процесін мониторингілеуді цифрлық сервиске жүзеге асыруға көмектеседі.

Қазіргі таңда электрондық платформаның тәстік нұсқасын таныстыру мақсатында Алматы, Астана қалаларында республикалық семинарлар ұйымдастырылып, онлайн режимде де презентациясы жасалды. Атап өткен жөн, бұл платформа жабық, оған тек сарапшылар, баспа өкілдері және орталықтың сыртқы сарапшылары ғана кіре алады.

Электрондық платформа қолданысқа берілгеннен кейін сараптама процесі толық автоматтандырылады, бұл сараптама процесін жеңілдетіп, сарапшы назарының тек оқулық мазмұнында болуына мүмкіндік береді.

2025 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ОТАНДЫҚ ӘУЕ КОМПАНИЯЛАРДА 145 ЖЕКЕ ҰШАҚ БОЛАДЫ

Қостанайда облыс орталығының әуежайын қайта жаңартудың қаншалықты орынды екендігі туралы мәселе көтерілуде

Көлік министрі Қостанай облысына жұмыс сапарымен келді. Марат Қарабаев дәстүрлі түрде өңір тұрғындарымен кездесіп, азаматтарды жеке қабылдады.

Облыс тұрғындарымен кездесу «Жастар сарайында» өтті. Кездесуге 70-ке жуық жер-

гілікті кәсіпкер, қоғам белсенділері мен БАҚ өкілдері келді. Өңір тұрғындары облыстың көлік инфрақұрылымының нашарлап кетуіне қатысты мәселелерді көтерді. Автожолдардың сапасы, елді мекендер ішінде және қала арасындағы автобус қатынасы мен теміржол көлігіндегі сервисің төмен деңгейі де талқыланды.

Бұдан басқа, облыс тұрғындары ведомство басшысынан Қостанай әуежайын қайта

жаңартудың қаншалықты орынды екендігі жөнінде сұрады. Үткені билеттің қолжетімсіздігіне байланысты авиакөлік өңірде аса сұранысқа ие емес.

«Биыл тағы 11 ұшақ сатып аламыз, содан кейін Қазақстанда 100 ұшақ болады», - деді Марат Қарабаев.

Министрдің жеке қабылдауына автобуспен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру және Яндекс такси мен Ин-

драйвер агрегаторларының қызметіне қатысты мәселелер бойынша азаматтар жазылды. Азаматтардың арқалап келген өтініштерін мұқияттыңдаған соң министр аталған мәселелерді шешу үшін нақты ұсыныстар қажет екендігін тілгетік етіп, келесі аптада тасымалдаушылардың мәселелерін егжей-тегжейлі талқылау үшін тағы бір кездесу ұйымдастырылатынын айтты.

1-ЖЕЛТОҚСАНДА ЕЛДЕ 96 ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі үш ауысымды, апатты мектептердің мәселелерін жүйелі шешу үшін жаңа оқушы орындарын енгізу бойынша жұмыстарды жоспарлы түрде жүргізуде. Бүгінде өңірлерде 88 мың оқушыға арналған 96 жаңа мектеп ашылды. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлайды.

Жалпы, осы жылдың аяғына дейін түрлі қаржы көздері есебінен 132 мың оқушы орынға арналған 154 мектепті, оның ішінде Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен 76 738 орындық 62 мектепті пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл 12 апатты және 29 үш ауысымды мектептің мәселесін, 113 елді мекендегі оқушы орындарының тапшылығын шешеді.

Сондай-ақ, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы іске асуда. Биыл 217 мектептің құрылысы басталды, олар 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Ұлттық жоба ең алдымен қалалар мен келешегі бар елді мекендерде жаңа үлгідегі мектептерді салуға, оқушылар мен педагогтерге жайлы өрі қауіпсіз орта қалыптастыруға, білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған.

Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде 740 мың оқушыға арналған 369 жайлы мектеп салу жоспарлануда.

ҚАЛА ӘКІМІ ТІКУШАҚПЕН СУ БАСУ ҚАУПІ БАР АУМАҚТАРҒА БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗДІ



Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы генерал-майор Қуанар Базарбаевпен бірге Шымкент қаласының су тасқыны қаупі бар жерлерге аэровизуалды мониторинг жүргізді.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі «Қазавиақұтқару» АҚ ЕС-145 тік-

ұшағымен ұшу барысында Бадам өзенінің бойында орналасқан Игілік, Қызылжар, Тәуелсіздікке 20 жыл елді мекендері, Текесу, Бадам, Тоғыс су қоймалары, жоғары Бадам су реттегіші және Сайрам-су өзенін барлау жұмыстары жүргізілді.

Аэровизуалды мониторинг кезінде 6 гидротехникалық құрылыс зерделенді. Сонымен қатар, 2 өзеннің су ағысына шолу жасалды. Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының сөзіне сүйенсек, алдағы уақытта су тасқынына қарсы жол картадағы 9 іс шара жүзеге асса, су басу аймақтарындағы қауіп сейіледі.

Әуеден бақылау барысында жағдай тұрақты екені байқалды. зендердің ағысы қалыпты. Бадам өзенінде секундына 9 текше метр, ал Сайрам суда 1 текше метр су ағуда. Су қоймаларының толу деңгейі 13—45 пайызды құрайды. Тасқын суларды қабылдайтын қор жеткілікті. Су тасқынын алдын алу барысы үнемі бақылауда болады.

ШЫМКЕНТ ЖАСТАРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТА ҮЗДІК ҮШТІКТЕН КӨРІНДІ

Астанада қаласында бүгін «WorldSkills Kazakhstan — 2023» VIII Республикалық чемпионаты өз мәресіне жетті. Үш күн бойы өңірлік чемпионаттардың жеңімпаздары 30 құзырет және 7 бағыт бойынша үздік атану үшін бақ сынады. Салтанатты марапаттау рәсіміне ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты.

Үшінші мегаполис жастары кәсіптік және жұмысшы мамандықтарының «WorldSkills» кәсіби шеберлік чемпионатына 2016 жылдан бері қатысып, жүлделі орындарға ие болып келеді. Биыл шаһарымыздың намысын қорғауға 30 студент 29 құзыреттілік бойынша қатысты. Олардың ішінде электр монтаждау, бизнеске арналған ІТ шешімдер, кірпіш қалау, мобильді робототехника, мехатроника, шаштараз және т.б. құзыреттіліктер бар.

Командалық есепте 30 құзырет бойынша 6 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль жеңіп алған Абай облысының командасы көш бастады. Екінші орынды Алматы қаласының



командасы иемденіп, 4 алтын, 1 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды. Үшінші орын алған Шымкент қаласының құрамасы 29 құзырет бойынша 5 алтын, 2 қола медальді және 11 ерекше медальонді қанжығасына байлады.

I - орын иегерлері: «Дәнекерлеу технологиясы» құзыреттілігі бойынша Индустриалды-техникалық колледжінің студенті Байшериев Жақсылық Төлегенұлы, жетекшісі — Жарылқасын Дінмұхаммед;

«СББ станоктарында токарлық жұмыстар» құзыреттілігі бойынша: Индустриалды-техникалық колледжінің студенті

Мирахимов Алексей, жетекшісі — Жұмабаев Айдос;

«Визуальды мерчендайзинг және витринистика» құзыреттілігі бойынша:

Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжінің студенті Фазылова Жасмина Дияровна, жетекшісі — Алтынбаева Анна;

«Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжінің студенті Жайшыбек Ардақ Еркебұланқызы, жетекшісі — Бекманова Меруерт;

«Ақпараттық кабельдік желі» құзыреттілігі бойынша: Политехникалық колледжінің студенті Байнеев Аян Алиұлы, жетекшісі — Матиев Жарас;

III - орын иегерлері «Жеңіл автокөлікті жөндеу және қызмет көрсету» құзыреттілігі бойынша Жол көлік колледжінің студенті Айтбайткір Хамитұлы, жетекшісі — Тұрсынбаев Ержан;

«Плитка жапсыру» құзыреттілігі бойынша М. тебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің студенті Асан Диас Жарасұлы, жетекшісі — Абдуллаев Ержігіт.

2,5 ПАЙЫЗДЫҚ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ - ЖАСТАРҒА МОЛ НЕСІБЕ

Шымкент қаласында жеке кәсібін ашып, бизнесін дамытқысы келетін жас кәсіпкерлерге арналған шағын несие қаражаты толық игеріліп бітуге таяу. Бүгінгі таңға 462 өтінім қаралып, 262 азамат комиссияның оң шешімін алды. Бұл туралы жеңілдетілген несие беру бойынша кезекті комиссия отырысында мәлім болды. Жобалары мақұлданған азаматтардың басым көпшілігі өз кәсіптерін ашып, табыс табуда.

Жастарға қолдау көрсетуге бағытталған бағдарлама 21 мен 35 жас аралығындағы азаматтарды қамтиды. Жас кәсіпкерлер 5 миллион теңгеге дейінгі несие мен мал шаруашылығы жобалары үшін

— 7 жылға дейін, кәсіптің басқа түрлері үшін — 5 жылға дейінгі мерзіммен ала алады. Кепілзат ретінде арнайы техника, жылжымайтын мүлік және жер учаскелері қабылданады. Кепілге қоятын мүлік болмаса кепіл берушіні тартуға болады. Сыйақы мөлшерлемесі 2,5% құрайды.

Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі көзделген, ол микрокредиттеу мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайды. Мүмкіндікті пайдалану үшін қажетті құжаттарды «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалына тапсыру қажет. Ол Шымкент қаласындағы филиалы Қонаев даңғылы, 3/3 мекенжайы бойынша орналасқан.

«ОРДАБАСЫ» ФУТБОЛ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АЛАҢЫ ЗАМАНАУИ ТАЛАПҚА САЙ ЖАҢАРДЫ

Озық үлгіде қайта жабдықталған футбол алаңының салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан қала әкімі Ғабит Сыздықбеков пен Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұлов нысанның тұсауын кесіп, спортшыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Игілікті іс федерация мен «Ордабасы» футбол клубы арасында нысандарды жаңарту мақсатында қолға алынған «Алаң» жобасы аясында қолға алынған. Бір айда атқарылған құрылыс барысында футбол алаңына итальяндық үлгідегі газон төселіп, алюминий қақпалар орнатылды.

— Қайырымдылық істің бастамашысы болған ҚФФ президентіне өз алғысымды білдіремін. Нысанда жаттығатын жастарымыздың әлемдік деңгейде көрінуіне тілектеспін. Бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасауды жалғастырамыз, — деді қала әкімі. Соңғы үлгіде жабдықталған футбол алаңында 250-ге жуық жасөспірім жаттығады. Ауқымды жоба аясында биыл елімізде 4 футбол алаңын салу жоспарланған.

МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІҢ БЕРУ ТӘРТІБІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ТЕКСЕРЕТІН ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Бүкіл ел болып Әділетті Қазақстанды құруға бет алғандықтан әрбір істе заң үстемдігін, ашықтық пен жариялыққа қағидалары басшылыққа алыну керек.

Осы орайда, Шымкент қаласының әкімі Ф.Сыздықбеков жекешелендірілген және сенімгерлікке берілген мемлекеттік активтердің беру тәртібінің заңдылығын тексеру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкім шығарды.

Құрылған жұмыс тобының құрамына қала орынбасарлары, қалалық құқық қорғау органдарының басшылығы, қоғамдық кеңес мүшелері және басқа да заңдылыққа жауапты мекеме өкілдері енгізілді.

Жұмыс тобы бұрын мемлекетке тиесілі болған, кейіннен жеке меншікке немесе сенім-

герлік басқаруға берілген қаладағы жер телімдері, ғимараттар, саябақтар немесе басқа да нысандардың беру тәртібінің заңдылығын анықтайтын болады.

Сондай-ақ, бұл жұмыс тобы алдағы уақытта да мемлекеттің меншігіндегі мүліктердің жеке меншікке заңсыз беріліп кетпеуін қатаң қадағалайды. Бұл жөнінде қала әкімі «Жұмыс тобының іс-әрекеті барынша ашық және әділетті болуын өзім тікелей бақылауда ұстаймын»-деді.

Айта кететін мәселе, осы уақытқа дейін заңға сәйкес алған мүліктер мен жер телімдері иелерінің аландауына негіз жоқ. Себебі, аталған жұмыс тобы мемлекеттік мүлікті заңсыз иемденген тұлғаларға ғана қатысты жұмыс жүргізетін болады.

БАЗАР МАҢЫНДАҒЫ ЖЕР АСТЫ ӨТКЕЛДЕРІ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Қаладағы «Алаш», «Бекжан» базарлары көлік ағыны жоғары, халық көп шоғырланатын аумақ болып саналады. Сондықтан, биыл сауда орындары маңына А-2 автомобиль жолы мен Темірлан тас жолы бойында 3 жер асты өткелінің құрылысы қолға алынған болатын.

Бүгін қала әкімі Ғабит Сыздықбеков «Алаш» базары маңындағы жаяу жүргіншілер өткелдерінде болып, жаңа нысандардың сапасын тексерді. Құрылысы жарты жылда жүргізілген жер асты өткелдері бүгін қолданысқа берілді. Енді осы аумақтағы жаяу жүргіншілердің қатынауы жеңілдеп, көлік кептелісі азаятын болады. Темірлан тас жолы арқылы өтетін жер асты жаяу жүргіншілер өткелінің ұзындығы 42,5 метр, ені 6,1 метр, биіктігі — 2,65 метр. Жобаға сәйкес, А-2 автомобиль жолындағы өткел ұзындығы — 36,5 метр, ені 6,8 метр, биіктігі 2,6 метрді құрайды.

Қала басшысы аудан әкіміне жаңа нысандарды күтіп-ұстау жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Айта кетейік, қазір «Бекжан» базары маңында А-2 автомобиль жолы арқылы өтетін жер асты өткелінің құрылыс-монтаж жұмыстары да аяқталуға жақын. ыңдірістік кестеге сәйкес нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.



ОЗЫҚ ҮЛГІДЕГІ БАЗАРДА 400 ЖҰМЫС ОРНЫ БЕРІЛМЕК

Қалада кәсіпкер өз қаражатына 5100 шаршы метрді құрайтын заманауи талапқа сай базар салған. Алматы А-2 тасжолындағы сауда орталығында жалпы 400 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков бірқатар нысанды аралау барысында аталған базарда болып, кәсіпкерлермен кездесті. Нысан иесі сауда орындарына сатушылар мен сатып алушыларды тарту бойынша көмек сұрады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық кәсіпкерлермен кездесу барысында мемлекет тарапынан бизнестің жеке бастамаларына барынша қолдау көрсету қажет екенін жеткізген болатын.

Қала басшысы Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысына бизнес өкілдеріне қолдау көрсетуді жүктеді. Тұран ауданында апта сайын өткізіліп жатқан жәрмеңкені аталған базарда ұйымдастыруды тапсырды. Сондай-ақ базарға қоғамдық көлік жүргізу мүмкіндігін қарастыру бойынша тапсырмалар берді.

ТҮРКІСТАН - ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ БОЙЫНША КӨШБАСШЫЛАР ҚАТАРЫНДА

6 ІРІ МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН САЛЫНАДЫ

Түркістан өңірінде медициналық инфрақұрылымды жақсартуға баса назар аударылуда.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

— Ніндегі медициналық ұйымдарда 5,5 мыңнан астам дәрігер және 19 мыңнан астам орта буынды қызметкер халыққа қызмет көрсетеді. Медициналық жабдықтармен қамту деңгейі 84 пайыздан асып, жоспар толығымен орындалды. Нәтижесінде, негізгі өлім-жітім көрсеткіші төмендеді. Биыл 14 денсаулық сақтау нысанының құрылысы аяқталады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Сарыағаш қаласында перинаталдық орталығы бар заманауи медициналық кешен құрылысының жобасы әзірленуде. Келесі жылы құрылысы басталады. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауылдарда 49 жаңа нысан салу жоспарланып отыр, — деді Дархан Сатыбалды.

ткен жылы өңірде 31 нысанның құрылысы жүргізіліп, 16-сы пайдалануға берілді. Оның ішінде емхана — 1, жедел жәрдем станциясы — 1, ФАП — 3, медпункт — 11. Биылға қосымша 14 нысан тапсырылуда. Оның 4-і — дәрігерлік амбулатория, 10-ы — ФАП. Облыс бойынша құны 185 млрд. теңге құрайтын 6 медициналық нысанның құрылысы жоспарлануда. Түркістан қаласында 570 орындық көпбейінді аурухана, облыстық балалар ауруханасы, «Ана мен бала» орталығын, сондай-ақ, Ордабасы ауданында перинаталдық орталық салынбақ.

Аталған 570 төсек орындық көпсалалы ауруханасы бойынша құрылыс жұмыстары 2020 жылы басталып, түркиялық инвестор «YDA Holding» есебінен соғылуда. 2023 жылдың сәуір айында жобалау-сметалық құжаттамаға оң қорытынды алынды. Қазіргі уақытта ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне көпсалалы ауруханасын салу бойынша бизнес-жоспар ұсынылды. Бүгінде құрылыс жұмыстарының 40% аяқталды. 2024 жылдың соңында қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Түркістан облысы бойынша 749 медициналық мекеме елге медициналық қызмет көрсетуде. Қазіргі таңда бейінді мамандарға тапшылық байқалуда. Осы мәселені шешу үшін биыл облыс есебінен бейінді мамандарды оқытуға, резидентураға 60 грантқа қаржы бөлінді. Сонымен қатар ауылға келген жас мамандарға әлеуметтік көмек ретінде 1,5 млн. тг. төленуде. Бүгінгі таңда ауылды жерге барған 21 жас маманға әлеуметтік көмек берілген.

4 МЫҢ ТОННА КӨКӨНІС САҚТАЙТЫН ҚОЙМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау, тиімділігін арттыру мақсатында Түркістан облысы, Сауран ауданында 1 гектар аумақта көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталды.

— Түркістан облысында ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Ним көлемі жыл сайын артып келеді. Дегенмен өнімді сақтау және терең өңдеу мәселелері өзекті. Біз осыған мән берудеміз. Жуырда Түркістан қаласының іргесіндегі аумақта көкөніс сақтау қоймасының құрылысы басталды. Жоба құны — 1,4 млрд. теңге, қуаттылығы — 4 000 тонна. Келесі жылы пайдалануға тапсырылады, — деді облыс әкімі.

Аймақта кәсіпкерлерді қолдау мақсатында келесі жылдан бастап, қоймаларды салу үшін жұмсалатын инвестициялық шығынның 50 пайызын өтеу қарастырылып жатыр.

Тағы айта кетерлігі, облыс халқының 80% ауылда қоныстанған. Негізгі кәсібі — ауыл шаруашылығы. Басқа саламен салыстырғанда табыс төмен. Осыған орай, ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес

биылдан бастап «Ауыл аманаты» жобасы 6 бағытта іске асырылуда. Бұл мақсатқа бюджеттен 19,8 млрд. теңге бөлінді. Пилоттық жобаға 64 ауылдық округ белгіленді.

Бүгінгі таңда, 14,8 млрд. теңгеге 2 496 жоба қаржыландырылды. Жобаны іске асыру нәтижесінде 3 413 жаңа жұмыс орны ашылады, қосымша 30 млрд. теңгеге өнім өндіріледі. Жобаға қатысушылардың орташа табысы өседі, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азаяды, қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктемесі ұлғаяды деп күтілуде.

ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 3 МЫҢНАН АСТАМ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

Түркістан облысында құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Жыл соңына дейін қосымша 199 мың шаршы метрді құрайтын 59 көпқабатты үйді тапсыру жоспарлануда. Нәтижесінде 3 341 отбасының баспаналы болмақ.



— Биылғы 10 айда құрылыс жұмыстарының көлемі 250 млрд. теңгені құрап, 783,7 мың шаршы метр үй пайдалануға тапсырылды. Сонымен қатар 55 тұрғын үй, яғни 1077 пәтер күрделі жөндеуден өтуде. Түркістан облысы баспана кезегінде тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтуда еліміз бойынша алғашқы орындарда тұр. Биыл 10 айдың қорытындысымен 1 072 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін тағы да үйлер тапсырылады, — деді өңір басшысы.

Жалпы облыс құрылғалы, 2018-2023 жылдары кезекте тұрған 6 303 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар облыс тұрғындары және тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар ипотекалық баспанамен қамтылуда. Атап айтқанда, Түркістан қаласында 2022-2023 жылдар аралығында «7-20-25» бағдарламасы аясында 3 мыңнан астам отбасы және «Отбасы банк» АҚ бағдарламалары аясында 1715 отбасы ипотекалық баспанамен қамтамасыз етілген.

ТУРИЗМ САЛАСЫ — ӨНІРДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

Түркістан облысына келушілер мен саяхатшылар саны жыл өткен сайын артып келеді.



— Туризм саласы — өңірдегі басым бағыттардың бірі. Аймақта осы саланы дамыту үшін жан-жақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Туризмді дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қолға алынды. Туристік әлеует жан-жақты зерттелуде. Шет мемлекеттермен автобус, өуе бағыттары ашылып жатыр. Жуырда Түркістан мемлекеттері ұйымына мүше елдердің туризм саласы басшыларының отырысы өтті. Сол жиында, Түркістанды түркі әлемінің 2024 жылғы туристік астанасы деп жариялау ұсынысы қол-

дау тапты. Жұмыстар нәтижесінде биылғы 10 айдың қорытындысымен облысымызға зиярат туризмі бағытында 868 203 адам келді. 2022 жылы 726 545 адам саяхатшы келген болатын. Экологиялық туризм бағытында 123 176 адам келген. Ал былтыр 67,4 мың адам келгенін ескерсек, келушілер саны 2 есе артып отыр. Еліміз ғана емес, Түркі әлемі үшін Түркістан өңірі мен тарихи Түркістан қаласының орны бөлек. Туризм саласындағы жұмыстар жалғасады, — деді Дархан Сатыбалды.

Нінде бұл сала тарихи-танымдық, экологиялық және емдік-сауықтыру туризмі болып, нақты 3 бағытта дамып келеді. Облыс аумағында 1770 тарихи ескерткіш, 220 қонақүй, 72 шипажай жұмыс атқарады. Соңғы 5 жылда өңірде 72 қонақүй, 29 шипажай пайдалануға берілген. Ал туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 363 млрд. теңгеден асып отыр. Сондай-ақ инфрақұрылымды жетілдіру бойынша бірқатар жұмыстар атқарылуда. Мәселен 2019-2022 жылдарда жалпы соммасы 26,7 млрд. теңгені құрайтын инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылған. Қазіргі таңда 34,4 млрд. теңгеге инфрақұрылымдық жобалар қолға алынған. Жобалардың аяқталуы 2025 жылға дейін жоспарланған.

Түркістан қаласында мәдени-рухани арнайы аумағы құрылды. Аумақта «Ұлы Дала Елі» орталығы, Шығыс моншасы, амфитеатр, музыкалық субұрқақ, Қабылдау орталығы секілді мәдени нысандар бой көтерді. Сонымен қатар Түркістан қаласында тәуелсіз Қазақстанда алғаш рет әуежай құрылысы жүргізілді. Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды, «Керуен сарай» туристік кешені саяхатшыларға қызмет көрсетуде.

Келуші туристер санын арттыру мақсатында биыл Түркістан-Ташкент-Нурфашан бағытында халықаралық автобус рейсі ашылды. Алдағы қаңтар айынан бастап Біріккен Араб Әмірлігіне Түркістан - Абу Даби халықаралық тұрақты өуе рейсі іске қосылады. Облыста туризм саласында жұмыс атқаратын адамдар саны 17 мыңға жетті.

75 САНИТАРЛЫҚ АВТОКӨЛІК САТЫП АЛЫНАДЫ

Түркістан облысында денсаулық сақтау ұйымдарын заманауи медициналық құрал-жабдықтармен, техникамен қамту жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мәлімдеді.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірде босандыру және жан сақтау қызметтерінің медициналық жабдықтармен қамтылуына үлкен назар аударылды. Облыста медициналық жабдықтармен қамту деңгейі 84,21% құрап, жылдық жоспар толығымен орындалды. Нәтижесінде өткен жылы негізгі ауру-жітім көрсеткіші төмендеді. Біз өңірде медицинаны құрал-жабдықтармен қамту жұмысын тұрақты жүргізе береміз, — деді өңір басшысы.

2022 жылы «СП КАТКО» ЖШС де-меушілігі есебінен Түркістан қаласында Орталықтандырылған жедел медициналық жәрдем станциясы ашылған болатын. Облыста 2 088 510 адамға 1 жедел медициналық жәрдем станциясы, 6 бекет, аудандарда 17 бөлімше жұмыс атқаруда. Халыққа жедел жәрдем көмегінің қолжетімділігін арттыру, шақыртулардың кешігуін азайту үшін алыс учаскелерге қосалқы 46 тәуліктік пост, 142 дәрігерлік және фельдшерлік бригада ұйымдастырылған.

Биыл заманауи, кеңейтілген жадымен сервер орнатылды. «Көмек» бағдарламасы жаңартылған оперативті бөлімі жаңа гимаратта іске қосылды.

Шолушы.

САУРАН АУДАНЫНДА ЖАҢА ПРОКУРАТУРА ФИМАРАТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Сауран ауданы прокуратурасының жаңа гимараты пайдалануға берілді. Нысанның ашылуына Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлбыхар Жолдасов, Түркістан облысының прокуроры Мұрат Тлеубердиев, Сауран ауданының әкімі Мақсат Таңғатаров қатысып, жаңа гимараттың лентасын қиды.

Жаңа заман талабына сай салынған гимарат толық құрал-жабдықтармен қамтылған. Аталған нысанның құрылыс жұмыстарын «Бура-Югстрой» мекемесі жүргізіп, пайдалануға тапсырып отыр. Нысанның ашылу салтанаты мекеме ауласына тал отырғызу рәсімімен жалғасты.

Айта кетейік, бұған дейін аудан орталығы Шорнақ елдімекенінде жаңа аудандық әкімдік пайдалануға берілген болатын.

МАЛАЙЗИЯЛЫҚТАР ТҮРКІСТАНДА ҚОНАҚҮЙ БИЗНЕСІН ДАМЫТПАҚ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Малайзиядан келген әлеуетті инвесторлармен кездесті. Саяси-экономикалық дамуда зор табыстарға жеткен Малайзияның Joinland Group компаниялар тобының директоры Яп Леонг Чай мен Arjuna Asia компаниясының бизнесті дамыту бойынша директоры Доминик Синапан бастаған бір топ бизнес делегация өкілдері Түркістан өңірінің инвестициялық әлеуетімен танысуда.

Қонақүй, бизнес кешендер мен баспана құрылысы саласында көш бастап тұрған ірі компания басшылары Түркістандағы «Жаңа қала» аумағынан халықаралық стандарттарға сай 20 қабатты қонақүй салуды жоспарлайды.

Іскерлік кездесу барысында Түркістанда туризмді дамыту мүмкіндіктері ұсынылып, инвестициялар үшін негізгі бағыттар айқындалды. Атап айтқанда, қонақ үй бизнесі, тау шаңғысы және медициналық туризм саласындағы даму мүмкіндіктері талқыланды.

Тараптар Түркістан облысына туристік индустриясын бірлесіп дамыту үшін Малайзиядан инвесторларды тарту мақсатында ұзақ мерзімді және жемісті ынтымақтастыққа дайын екендіктерін білдірді. Жаңа жобаға қатысты сұрақтарды талқылады. Жаңа нысан іске қосылғанда 200-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылады.

— Тиімді бизнес жүргізу үшін Түркістан облысында жаңа мүмкіндіктер мен зор әлеует бар. Түркістан өңірі — бизнесті жүргізу үшін тиімді орта. Туризм саласын дамытуда облыс орталығында жаңа, халықаралық стандарттарға сай қонақүйлердің салынуын күптаймыз. Біз өздеріңізбен инвестиция саласында жемісті ынтымақтастықтың кеңеюіне үміт арттамыз. Алда тағы да ірі жобаларды қолға алуға атсалысамыз, — деді Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды.

Малайзия мемлекеті — Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы және мұсылман әлеміндегі ең сенімді серіктестерінің бірі. Joinland Group Сингапурдың құрылыс пен медицина саласына ірі көлемде инвестиция салған алпауыттардың бірі. Ұлыбритания мен Жаңа Зеландия елдері жылдар бойы тығыз байланысты жұмыс істеп келеді.

Қиын да күрделі заманда ақылымен, парасатымен, әділдігімен, кеңдігімен досты да, дұшпанды да мойындатқан Төле би қазақтың ынтымағын арттыруға ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі. Атақты би Төуке, Жолбарыс, Абылай хандармен, атақты Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге қазақ мемлекетін нығайтуға ерекше үлес қосты.

Төле би қазақ хандары ұрпағына жатпаса да оның толыққанды билеуші болғаны зерттеулерде және деректерде айтылады. Ағылшын шығыстанушысы Г. Ховорс 1880 жылы Лондонда басылған көптомдық зерттеуінде жеке-жеке 24 қазақ билеушісіне қысқаша ақпарат берген. Ол Керей мен Жәнібектен бастап Серғазы Айшуақұлыммен аяқтайды. Еңбекте Тауке хан Ұлы жүзді басқаруға Төле (Tiul) атты кісіні қойғанын және ол шежірелерде (хан-сұлтан генеологиясында) кездеспейтінін атап өтеді. Кітаптың екінші жерінде Жолбарыс ханмен қатар Төле (Tiul) атты қария билікке ие екенін, аталған хан қайтыс болған соң ол толыққанды билеушіге айналғанын жазады. Бауырлас збекстанның тарихшылары оны хан деп көрсетеді. 2008 жылы Ташкент қаласында шыққан «Комплекс Шайхонтохур» деген кітапта Шайхантауыр мазаратында жерленген тұлғалар туралы айта келе бұл жерде дулаттан шыққан қазақ биі, Ұлы жүздің Төле би атты ханы жерленген делінеді.

Төле биді ханмен теңестіру сонау XVIII ғасырдың тарихи деректерде орын алған. Би туралы қызықты мәліметтерді Ташкент қаласында 1738-1739 жылдары болған Карл Миллердің журналынан табуға болады. Арнайы іссапармен жіберілген орыс өкіметінің өкілі «әм офицері Төле биден қара қалмақтармен қандай қатынаста екенін сұрағанда алған жауабын күнделігіне былай деп түсіріпті: «Когда я его, Тюлебия (кой, почитай, всех ханов сильныя и власть более имеет), спрашивал, в каком согласии живут они с черными калмыками, на то мне отвечал: пока я де жив буду, то надеюсь, что будет согласие». Сол кезде сөзбен, мәмілегерлікпен уақыт ұтып, қазақтардың ес жинап алуына уақыт қажет болды.

1744 жылдың шілдесінде Түркістан қаласында Әбілмәмбет ханмен бірге барып қасында жүрген орыс өкіметінің екінші бір өкілі Төле Әлібекұлының қалаға келгенін жаза отырып ол туралы: «... Түркістанға Әбілмәмбетпен кездесуге Ұлы жүзден Ташкенттен ханнан жоғары құрметтелетін қазақтың ең атақтысы Төле би келді» деп жазады.

1758 жылы Орынбордан жіберілген орыс өкілі М. Шихов Ұлы жүздегі жағдайды айта отырып, «Үлкен орда (яғни Ұлы жүзде) қазір өз ханы Төле бидің иелігінде болып отыр», - дейді.

XVIII ғасырдың 70 жылдары қазақ даласында болған грек Х. Барданес Ұлы жүз туралы баяндай келе «главнейший начальник живет в Ташкенте, которого начальникою они и ханом именуют, а называли его по имени Тюле-бий-хан». Яғни, оның хан сияқты Ұлы жүздің билеушісі болғаны, Төле бидің «қарадан шыққан хан» екені замандастары мен тарихшылар тарапынан мойындалады.

Қытай деректерінде де Төле би туралы жазғанда оның ерекше билік иесі екені атап көрсетіледі. Онымен 1758 жылы жолыққан қытай өкілі бидің аса абыройлы, билігі зор болғанын аңғарып жазған: «Әбіліз хан мен барлық батыр, қожалар бірауыздан: ... Біздің осы Қазақ жеріміздегі болып жатқан барлық істер Төле бидің басшылығымен шешіледі. Ертең Төле бидің өзі осында келмек. Ертең біз бас қосып ақылдасқаннан кейін сіздермен кездесіп, бір ке-



Хан дәрежесінде болған Төле би

лісімге келейік» дегенді айтты. ... 15- күні біз, Моңғолдай мен Хешан екеуіміз Төле бидің тұрған жеріне барып, Төле биге болған ахуалдың мән-жайын анықтап түсіндіріп бердік. Сол күні, Төле би екеуімізбен бірге аттанып, түн ортасында /Ташкент маңына/ жеттік. ... 16- күні, қазақтардың Әбіліз ханы мен Төле би, Қойгелді және Сасық би сынды батырлары / Ташкент қаласында / бас қосып, сонан соң олар қаладан шығып келіп бізбен сөйлесті».

Төле бидің басқарушылық қабілеттері қытайлық Фудэ атты әскербасының жазылған мына жолдарынан айқындалады: «Әбіліз-«хан» аталғанымен, іс жүзінде ешқандай нақты іс басқармайды екен. Батыс бөлік қазақтар мен Ташкент жеріндегі басқару ісінің барлығы Төле бидің құзырында екен, өзге батыр қолбасшылар мен бұқаралардың барлығы Төле биге бойсұнады екен. Біз олардың жеріне барғандағы байқағанымыз — Төле би шынында да батыл шешім қабылдап, істерді тез-тез шешіп, біздің қысқа уақыттың ішінде қайтаруға талпынды».

Төле бидің билігінің қаншалықты қуатты болғанын оның жеке-дара бекініс-қалашық салғызғанынан байқауымызға болады. 1741-1742 жылдары Ташкент қаласында болған Шубай Араслановтың жазбаларынан хабардар боламыз: «Он же, Тюле-би, от Ташкента разстоянием с небольшим в полудня сделал себе городок, на том месте, где из реки Цырюот в Ташкент канал проведен, и населил тут разных жителей..., которые, живучи в том городе, на него, Тюле-бия, пашут и сеют хлеб, оной городок он, Тюле-бий, с таким утеснением Ташкенту учинил, что ежели захочет, тот текущий туда канал тотчас запрудить и в другую сторону пустить может, отчего ташкентцы принуждены могут быть за удержанием на пашни воды помереть». Төле би салған бекініс кейін оның туган баласының есімімен аталған Ниязбек қамалы.

Бұл сипаттамалар Төле бидің Ұлы жүзде аса үлкен билікке ие болғанын көрсетіп тұр. Қазақстанның кейінгі ортағасырлық және жаңа заман тарихын алып қарасақ, Төле биден басқа бірде-бір би не болмаса батыр хан деп аталған емес. Мұндай атаққа біздің білуімізше, жалғыз Төле би ғана ие болған.

Төле би сол кездегі қазақ даласындағы көптеген маңызды оқиғаларға, шешімдерге ықпал етіп отырған. Жоғарғы би, төреші ретінде қазақтың басқа жүздерінде болып жатқан дау-дамайды шешуге атсалысқан.

Солардың бірі-қазақ даласын дүр сілкіндірген Кіші жүздің

ханы Әбілқайырды өлтіру оқиғасына байланысты. Бұл жағдай 1748 жылдың 15 тамызында болды. Мұрағаттардан табылған құжаттардан Әбілқайырды шабуылдағандарды Барақ сұлтанның басқарып барғаны белгілі. Бір деректер бойынша Әбілқайырды Барақтың өзі өлтірді десе, бір деректерде сұлтанның сенімді өкілі Сырымбет батыр делінеді. Бұдан кейін Кіші жүз бен Орта жүз арасын шиеленістіретін жағдай туындаған. Әбілқайырдың балалары әскер жинап Барақ сұлтаннан кек алу мақсатында, жорыққа жиналмақшы болған. Бұл өлі де жоңғармен болған соғыстан әбден әлсіреген, басып алған жерлерін толық қайтара алмай жүрген қазақ ара-

сында өзара соғыстың туындап кетуі мүмкін жағдай болатын.

Жүздер арасында үлкен дау болатынын сезген атақты Қаздауысты Қазыбек би басқарған Орта жүздің өкілдері Барақты: Сенің кесіріңнен Орта жүз қазақтарына зиян келуі мүмкін. ... Сен осындай атақты ханды өлтірген соң өзің бас хан болып Әбілқайырдың баласының орнына орыстарға өз баланды беріп, орыс патшасынан біз жүрген жерлердің қауіпсіз болуын сұрап алуың керек. Осыны жасай алмасаң, біз саған бола Кіші жүзбен жанжалдаспаймыз, сені Әбілқайырдың балаларына ұстап береміз. Олар не істейді келсе, соны істейді - «...ты-де учинить такую притчину, от которой вся Средняя орда киргизцы раззориться могут. ... И когда-де уже посмел то учинить и такого знатного хана ... убил, то-де надобно тебе главным ханом быть и сына — де своего отдать на место Айчювак-салтана и тако-де от всемиростивейшего государыни исходайствовать, чтоб по всемиростивейшему указу пожалованное нам пространное кочевье бозопасно быть могло. Когда же-де того учинить не можешь, то-де для тебя и для твоих товарищей Меньшей орды с киргизцами спориться не будем и тебя с товарищами твоими Абулхайроновским детям отдадим , и как-де они с вами хотят , то и учинять» - дейді.

Барақ сұлтан Әбілқайырды алаяқ, ұры дейді, өзіне Хиуа қаласынан құдасы жіберген керуенді тонағанын алға тартып ақталмақшы болады, бірақ шын мәнінде Барақ сұлтан өзінің тағдырын шешуді билер сотына жүктейтінін хабарлайды. Шоқан Уәлихановтың бір мақаласында: «Орта жүздегі ең күшті билеушілердің бірі Барақ сұлтан 1758 жылы (дұрысы 1748 ж.) орданың ханы Әбілқайырды өлтіріп, бүкіл қазақ халқының төрт биін жинап, өзіне сот құрды. Оның құрамында Ұлы жүзден Төле би, Кіші жүзден Әйтеке би болды» - деген жолдар кездеседі. Сонда Төле би Барақтың бұл тірлігін қоштаған болып шыға ма? Шоқан мұны жүз жылдан аса уақыт өткен соң ел арасында айтылған әңгіме-аңыздар негізінде жазған.

Алайда Ресей мұрағатындағы құжаттар Төле бидің Барақ сұлтан ісіне қатысты билер сотының құрамында болмағанын көрсетті. Төле би Барақ сұлтанның Әбілқайыр ханды өлтіруін қоштамаған. Ол бұл қарсылығын ашық білдірген. Осы мәселемен арнайы тамыр басып келген Барақ сұлтанның үш өкіліне айтқан пікірі құжатқа түскен. Төле биден, Қаздауысты Қазыбектен қолдау таппаған Барақ сұлтан енді төрелік іздеп өзіне тәуелді Кіші жүзден Қараток, Қозанай,

Мамет аталық және Орта жүздегі найманның Бағаналы руына қарасты Олжабай атты билерді шақырады. Аталған билер Барақ сұлтанды ақтап шығады.

Бұл мәселеде қазақтың екі бөлігінің аңғарған Төле би даудың бұдан ары ушықпай шешілуіне атсалысады. Барақ сұлтан қазақтан кетіп Жоңғар ханының қолына өтуге өрекет етеді. Онда жау күшейіп, қазақ жағы әлсірей түсерін сезген Төле би оны өз жағына тартады. Барақтың беделді төре әулетінен екенін, алдағы уақытта болатын жоңғарға қарсы соғыста мұндай қолбасшының керек екенін білген Төле би оны дау-дамайдан алып шығуына атсалысады. 1749 жылғы қыркүйек айында Төле би Орынбор губернаторы И.Неплюевке Ұлы жүз атынан жазған хатында (оган бидің төл

мөрі басылған) Барақты хан етіп қабылдаймыз деп жазады.

Төле бидің шақырғанын Барақ сұлтанның Орынбор губернаторына 1749 жылы жазған хаты да растайды. Онда Барақ сұлтан Неплюевке өзінің Түркістан қаласына айналасында жүрген себептерін түсіндіре келіп: «в бытность мою тамо, приехав ко мне, Большой орды киргис-кайсацкие бии объявили ... чтоб мне на некоторое время быть в их орде ... меня оттуда сюда привезли. При сем же объявляю, что Кунгратского роду киргис-кайсаков ... меня, Барака, ханом и владельцем себе приняли». Ол өзіне Ұлы жүз билері келгенін және өзін Орта жүзден уақытша Ұлы жүз аймағында болуға алып кеткенін, бұл жерде оны қоңыраттарға хан етіп сайлағанын жазады. И.В. Ерофееваның жазуынаша Төле сұлтан Ұлы жүздің Дулат тайпасының бір бөлігіне және қоңыраттарға хан етіп бекітіліп Иқан елді мекенін өзіне хан ордасы еткен.

Әбілқайырдың баласы Нұралы Жоңғар ханына хат жазып Барақ сұлтанды ұстап беруге көмек беруін сұрайды. Жоңғар ханы Төле биге өкілдерін жіберіп, Барақ сұлтанды өзіне жеткізуді талап етеді. зіне қатысты осындай қатал бұйрық шыққанын естіген Барақ сұлтан Ташкент жақтан көшіп Түркістан жаққа барады. Сол кездегі орыстың сенімді ақпараттары бойынша Жоңғар ханының тапсырысымен Қарнақтың бір қожасы Барақ сұлтанды екі баласымен үйге қонаққа шақырып үйіне өлтіреді.

Әбілқайырдың ұлы Ералы сұлтан әкесін өлтірген Сырымбет батырдан кек алып, оның ауылын шабуылдап батырды әйелімен өлтіргенде қайтыс болғандардың туысқандары шамамен 1750-1751 жылдары Төле биге жүгініп төрелік сұрайды. Атақты би Ералы сұлтанды ақтап қана қоймай Сырымбет батырдың туысқандарынан Ералыға тағы да 6 күн төлеуді жүктейтін шешім шығарған. 6 күн - 6 мың қой немесе 1200 жылқы десе болады. Төуке хан заңында сұлтанды өлтіргенге 7 күн төлеу көзделген. Ал Әбілқайыр үшін Ералының Сырымбет батырды өлтіргенін, бұл жақтан да шыққан шығынды ескеріп, яғни бір күн шегеріліп, 6 күн төлеуі орынды. Төле би бұл жерде «Жеті жарғы» заңдарының бабына сай шешім шығарып отыр. Осылай Әбілқайырды найзалаған Сырымбет батырдың туысқандары жазаланып отыр. Осымен Әбілқайырдың өліміне байланысты дау-дамай Төле би шешімімен тоқтаған еді.

Жалпы Төле би қазақтың басқа да билеушілеріне хат жазып оларға күрделі мәселелер бойын-

ша ақыл-кеңесін беріп отырған. Мысалы, 1752 жылы жалпы қазақ билеушілерін қатты ойландырған мәселе туындайды. Жоңғар мемлекетінде хан тағы үшін күрес өршіп жеңіліске ұшыраған қалмақтың билеушілері Давақи мен Амурсана өз адамдарымен қазақтарды паналап келеді. Сол кездегі Жоңғария билеушісі Ламе-Доржи қашқындарды қайтаруды талап етеді. Қазақ билеушілерінің бір тобы жоңғарлармен жаңа соғысқа тап болудан қорқып, оларды қайтаруды қоштайды. Олардың ішінде Орта жүздің ханы Әбілмәмбет, Малайсары, тағы басқа қазақ билеушілері болды. Ал Абылай сұлтан оларды Жоңғария ханына қайтармау жағында болды. Ол қашып келген қалмақ билеушілеріне көмек беріп Жоңғария тағына қазақты қолдаушыларды отырғызуды ойластырды. Абылайға Төле би қолдау көрсетті.

Төле би 1752 жылы Жоңғария билеушісі Ламе-Доржидің шақыруымен оның ордасына барып қайтты. Бұл өте қауіпті сапар болатын. Жоңғарияның билеушісі оны жақсы қабылдап шығарып салады. Сапардан оралған Төле би Жоңғарияның бұрынғыдай күшті емес екенін, жоңғарлардың өз билеушісіне наразы екенін және паналап келген Давақиді қайтармаудан қазаққа зиян келмейтінін, Давақидің атақты адам екенін көрсетіп Абылайға хат жазады. Ақыры Абылай Жоңғария патшасына паналап келгендерді бермейтінін мәлімдейді. Соғыс басталғанымен қазақтардың көмегімен қазақтарды паналаған Давақи Жоңғарияның тағына отырады. Бұдан қазақтарға пайда көп болады.

Төле бидің сауданы дамыту қажеттілігін айтып қамқор болғанын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жеке өзі керуенді шығарып салғанын, кейін өз баласын қосып жібергенін 1741-1742 жылдары Ташкентте болған татар саудагері Ш. Арасланов көрсетеді: «Из Ташкента выехав, приехали к Тюле-бию в орду и жили у него дни с три, кой их также принял хорошо и во всем доволствовавал с тем рассуждением, что их торг всем к общей пользе и потому-де токмо как другие обижать не надлежит, но и приласкивать надобно. ... Шубай и Мансур, из дому Тюлебиева вовсе поехали до Туркестанта и с ними отправились для здешнего торгу его, Тюлебиевых братьев семь человек, в проважании же за ними, Шубаев и Мансуром, был сам Тюле-бий дни с три, а до самого Туркестанта — его, Тюлебиев сын».

Қазақ-жоңғар соғыстары кезіндегі аса күрделі жағдайға тап болған Ұлы жүзді сөзге шешен, мәмілегерлігі мен ұйымдастырушылығы зор Төле би басқарды. Оның шынайы билеуші екенін Орыс өкіметіне Ұлы жүз атынан хат жазуы, Жоңғар ханының Төле биді өз ордасына шақырып аса құрметпен қабылдауы (орыс деректері «особливо ласковости» принят деп жазылады), Ташкент іргесінде бекініс салуы айғақтайды. Төле би өртүрі өркеніет (Орта Азия, Жоңғария, Қытай, Ресей) өкілдерімен кездесіп дипломатиялық келіссөздер жүргізіп мол тәжірибе жинады. Барлық уақытта қазақ елінің мүддесін қорғап өрекет етті, қазақ билеушілері арасындағы дауларды басты, ынтымақ бірлікке шақырды. зіннің ой-өрісі кең, мейірімді, ашық, сабырлы, салқалы мемлекет қайраткері ретінде танытты.

М.Қожа,

т.ғ.д., Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры,

Г.БАЙСАРИЕВА,

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі ғылыми қызметкері.

ӨЗ ӨМІРІҢІЗДІ, ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ ЖӘНЕ МҮЛКІҢІЗДІ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Қазақстанда сақтандыру сыйлықақыларының 60%-дан астамы ерікті мүлктік сақтандырудың, атап айтқанда, мүлкті сақтандырудың үлесіне келеді. Бұл, өз гимараттарын, түрлі үй-жайларын, техникалық жабдықтарды, тіпті интерьер заттарын, жиһаздарын ерікті түрде сақтандыратын азаматтар мен кәсіпкерлер санының күннен күнге артып отырғанын білдіреді. Экономиканың тұрақсыздығы жағдайында бұл өте саналы шешім. Сонымен қатар, сақтандыру мәдениетін дамыта және арттыра отырып, өз өміріңізге, денсаулығыңызға қамқорлық жасау да маңызды.

Сақтандыру не үшін қажет және қандай сақтандыру түрлері бар екендігі жөнінде Fingramota.kz. айтып береді.

Сақтандыру деген не?

Бүгінгі таңда сақтандыру — бұл, бірінші кезекте, өзіңе, өз отбасыңа және мүлкіңе деген қарым-қатынас мәдениеті. Бір сөзбен айтқанда, бізге не қымбат және құндының барлығына.

Сақтандыру сізді және сіздің мүлкіңізді кез-келген тосын жағдайлардан, мәселен, өрт немесе су тасқынынан, автокөлік құралын ұрлап әкету немесе кенеттен сырқаттану және уақытша еңбекке жарамсыздықтың нәтижесінде болатын жағдайлардан қорғауға көмектеседі. Әрине, сақтандырудың болуы толық қауіпсіздікті білдірмейді, дегенмен де ол шығындарды өтеу мүмкіндік береді және олардың салдарын барынша аз болуына сенімділік береді. Сақтандыру сөзі ағылшын тіліндегі «insurance», яғни «сенімділік» деген мағынаны білдіруі бекер емес.

Біздің ешқайсымыз кездейсоқ оқиғалардан сақтандырылған жоқпыз және сақтандыру жағдайы басталған кезде ешкім бізге залалды өтемейді. Барлық шығындарды өз қалтаңыздан төлеуге тура келеді. Алайда, тиісті сақтандыру болған жағдайда сіз өзіңіздің әмияныңіз бен отбасылық бюджетіңізге ауыртпалық түсірмей, сақтандыру төлемін ала аласыз.

Сақтандыру төлемі — бұл сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде немесе жинақтаушы сақтандыру шартында белгіленген мерзім басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

Сақтандыру қағидатын түсіну үшін ауа-райы болжамына ұқсастықты келтіреміз. Егер синоптиктер жауын-шашынсыз көшпелі бұлт шығады деп уәде берсе, жауын-шашын ықтималдығы өлі де бар. Сондықтан қолшатыр артық болмайды. Егер сіз маңызды кездесуге баратын болсаңыз, онда сіз табиғаттың тосынсыйы сіздің жоспарларыңызды бұзғанын қаламайсыз. Сақтандыру дәл осы қағида бойынша жұмыс істейді, яғни егер сіз сақтандыру полисін пайдаланбасаңыз, өзіңіздің жолыңыз болды деп есептеңіз. Алайда, бір мезетке елестетіп көріңізші, кенеттен нәсер жаң-

быр басталды, ал сізде қолыңызда алдын-ала қамданғаныңыздың арқасында қолшатыр бар. Нәтижесінде сіз кездесу орнына жақсы жетесіз. Сақтандыру - бұл сізді және сіздің мүлкіңізді түрлі төуекелдерден қорғайтын «қолшатыр».

Сақтандырудың қандай түрлері бар?

Сақтандыру екі түрге бөлінеді: заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын міндетті және ерікті, яғни сақтандыру шарты тараптарының еркі бойынша жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда сақтандыру компаниялары сақтандырудың 9 міндетті және 24 ерікті сыныбы бойынша қызмет көрсетеді.

Сақтандыру түрлерімен, оның ішінде міндетті сақтандыру түрлерімен ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің www.gov.kz интернет-ресурсында «Статистика» «Сақтандыру секторы» бөлімінде танысуға болады.

Ерікті сақтандыру сақтандыру нысаны бойынша жеке және мүлктік болып бөлінеді.

Ерікті сақтандырудың негізгі түрлері: мүлкті сақтандыру, өмірді жинақтаушы сақтандыру, сырқаттану жағдайында сақтандыру, жазатайым оқиғадан сақтандыру, КАСКО, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.

мірден мысалдар: сіз жаңа көлік сатып алдыңыз, бірақ бірнеше күннен кейін сызаттар байқадыңыз. Автосалонда сіз КАСКО сақтандыру полисін рәсімдегеніңіз қандай жақсы болған, ол сіздің машинаңыздың зақымдануына байланысты шығындарды өтеуге көмектеседі. Егер сіз тек көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырумен шектелсеңіз, онда бәрін өз күшіңізбен қалпына келтіруге тура келер еді. Немесе сіздің спортшы көршіңіз өзін жазатайым оқиғалардан сақтандыруға шешім қабылдап, ерікті сақтандыру полисін сатып алған болды. Бұл да өте дұрыс шешім болған - бір күні, ол сәтсіз тайып құлап, аяғын сындырып алды, ал сақтандыру компаниясы оған шартта келісілген сақтандыру сомасын төледі.

Сондай-ақ, сол бір немесе басқа сақтандырудың қажеттілігін анықтау бойынша мынадай нақты ұсыныстар бар: төуекелдерді анықтау, сақтандыру компаниясын дұрыс таңдау. Төуекелдердің өртүрлі

жіктелімі болатыны туралы айта кету керек. Олар әдетте:

- қауіп түрлері бойынша, адамның іс-қимылымен байланысты техногендік төуекелдерге: өндірістік апаттар, қоршаған ортаның ластануы және т.б.;

- табиғи апаттар түріндегі табиғи төуекелдерге: жер сілкінісі, дауыл, найзағай және т.б.;

- қызмет саласы бойынша: қаржылық, коммерциялық, саяси, кәсіптік, көлік төуекелдеріне;

- объектілер бойынша: азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру төуекелдеріне, мүлктік төуекелдерге жіктеледі.

Сақтандыру қызметтерін қашықтан алуға болады ма?

Сақтандыру мәдениеті біздің күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналуда және Еуропаның орташа статистикалық әрбір тұрғынында, әдетте, жалқысының айтарлықтай бөлігін жұмсайтын 2-3 сақтандыру полисі болса, орташа статистикалық қазақстандық осы бағытқа енді бет алып келе жатыр.

Сақтандыру Қазақстанның қаржы нарығының ірі сегменті ретінде күннен күнге дамуда. Басты назар цифрландыруға аударылып, соның нәтижесінде цифрлық технологиялар сақтандыру қызметтеріне бейімделуде. Нәтижесінде міндетті және ерікті сақтандырудың барлығы дерлік түрлері бойынша сақтандырушымен қашықтан шарт жасасуға болады.

Бүгінгі таңда автокөлік пен жылжымайтын мүлкті сақтандыру полистері сияқты барынша стандартталған өнімдер онлайн-форматқа ауыстырылуда. Мысалы, 2019 жылдан бастап автокөлік иелері автокөлікті міндетті сақтандыру шартын онлайн режимінде жасау мүмкіндігіне ие болды, қазіргі уақытта КҚИ АҚЖ бойынша шарттардың 100%-ы электронды нысанда жасалуда. Автокөлік иелері үшін жағымды бонус - қағаз құжаттарды өзіңізбен бірге алып жүрудің қажеті жоқ. Электрондық полистің мәні Бірыңғай сақтандыру дерекқоры (БСД) арқылы шарт жасасуда және ол оған бірегей нөмір беруді көздейді. БСД деректері сақтандыру сыйлықақыларын төлеу тарифтерін автоматты түрде есептеуге мүмкіндік береді.

Цифрландырудың келесі

кезеңі — сақтандыру жағдайын онлайн-реттеуді енгізу, оның мәселесі заң шығарушылық бастамалар шеңберінде қаржы реттеушісімен пысықталуда. Реттеуші сақтандыру төлемдерін қабылдау процесін электрондық форматқа көшіруді жоспарлап отыр. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, іске асыру нәтижелері бойынша клиент төлем алу үшін кеңсеге бармай-ақ, сақтандыру компаниясының сайтында өтініш бере алады. Құжаттар топтамасын қалыптастырудан бастап, сақтандырушының шешімін төлеуге немесе шағымдануға дейін сақтандыру жағдайын реттеу процесінің барлық кезеңдері БДСБ-да тіркелетін болады.

Атап айтарлығы, 2022 жылдан бастап БДСБ базасы ерікті сақтандыру сыныптары жөніндегі деректермен толықтырылып келеді, бұл келешекте барлық сақтандыру полистері бойынша толық және нақты статистиканы алуға мүмкіндік береді, сақтандырушылардың клиенттермен өзара іс-қимылының барлық процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

БДСБ — бұл бірыңғай сақтандыру базасы, оның жұмыс істеуін Мемлекеттік кредиттік бюро қамтамасыз етеді. Ол бүкіл сақтандыру секторы бойынша деректерді жинауға арналған ақпараттық-технологиялық платформа болып табылады; міндетті сақтандыру шарттарын жасасуды ұйымдастыруды, мемлекеттік дерекқормен өзара іс-қимылды, талдау мен есептеулер жүргізу үшін қажетті статистиканы жинақтауды, және басқа да қызметтерді қамтамасыз етеді.

Сақтандыру компаниясын таңдау кезінде неге назар аудару керек?

Қаржы реттеушісінің лицензиясының болуы

Сақтандыру компаниясы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сақтандыру қызметін іске асыру құқығына берген лицензиясы болған кезде ғана жұмыс істеуге құқылы. Оны тексеру үшін Агенттіктің www.gov.kz интернет-ресурсындағы «Рұқсаттар мен хабарламалар тізілімі» бөліміне өтіңіз (тізілім кестесін жүктеуге, белгілі бір компанияны табуға және лицензияның болуын тексеруге болады).

Компанияның тарифтері

Тарифтерге назар аудары-

ңыз. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша тарифтер заңнамалық деңгейде белгіленеді.

Ерікті сақтандыру түрлері бойынша сіз полистің болжамды құнын сақтандыру компаниясының сайтында онлайн есептей аласыз. Сақтандыру компаниясын таңдауда толық сенімділік үшін олар ұсынатын тарифтер мен сақтандыру полистерінің құнын салыстыруды ұсынамыз.

Компанияның беделі

Беделі жақсы компанияларды таңдаңыз. Сондай-ақ, сайттан компания жайлы пікірлермен танысудың, сақтандыру қызметтерін пайдаланып көрген таныстарыңыздан сұрап-білудің де маңызы көп.

Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) алаптары

Назар аударыңыз! Талаптарын оқып шықпай тұрып, ешқашан шартқа қол қоймаңыз! Сіздің сақтандырушымен қарым-қатынастарыңызды реттейтін бұл маңызды құжатпен, әсіресе, онда сақтандыру жағдайының белгілері көрсетілген тармағымен мұқият танысып шығыңыз. Сіздің сақтандырудың қандай жағдайларға қатысты қолданылатынын, ал қандай жағдайлардың сақтандыру жағдайына кірмейтінін нақты білуіңіз керек.

Шартқа қол қоюдан бұрын компания өкілінен түрлі жағдайларда шығынды өтеу рәсімі туралы нақтылап біліп алыңыз, мерзімдер, франшиза мен басқа да маңызды нюанстардың болуы туралы сұраңыз.

Сақтандыруды онлайн рәсімдеу кезінде абай болыңыз

Сақтандыру полисін онлайн рәсімдеудің бірқатар елеулі артықшылықтары бар. Біріншіден, ыңғайлылық, екіншіден, уақытты үнемдеу. Алайда кейбір кемшіліктер де кездеседі, оның ішіндегі басты кемшілік — кибералақтарға тап болу қаупі. Мысалы, осы сақтандыру компаниясының сайты қайталайтын жалған парақшаға тап болу. Сондықтан, полисті онлайн рәсімдеу және сатып алудың алдында сайтты мұқият зерттеңіз. Мекенжай жолағына және қорғалған байланыс белгісіне назар аударыңыз, электрондық хатпен немесе SMS-хабармен жіберілген сілтемелер арқылы өтпей, веб-мекенжайды қолмен терген дұрыс.

Сондай-ақ, сақтандыру компанияларының ресми сайттары Агенттіктің www.gov.kz интернет-ресурсының «Қаржы нарықтары» '1 «Сақтандыру секторы» '1 «Сақтандыру нарығының қатысушылары» бөлімінде көрсетілген. Қажетті сақтандыру нысанын саналы түрде таңдау арқылы сіз өзіңізді және жақындарыңызды кез келген өмір белестерінен қорғай аласыз, сонымен бірге күтпеген жағдай туындаған уақытта қаржыңызды сақтап қаласыз.

Fingramota.kz

Жарамсыз деп танылсын

*** 1975 ж. туылған Жумабекова Ақмарал Оразбаевна атына тіркелген № 336428 “Күміс алқа” кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1992 ж. туылған Зетбеков Олжас Маратұлына тиесілі Түркістан обл. Төлеби ауданы. Нысанбек елді мекені 132 орам №18 жер телімінің сату-сатып алу келісім шарты, мемлекеттік актысының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Сафаралиев Нурлан Абдуакимовичқа тиесілі збекстан республикасындағы П.С.Рыбалко атындағы жоғарғы әскери танк

командалық училищені 1995ж. бітірген №038704 Дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерянные документы: ИП “Таштемиров” БИН 640926301283 Иностранные бланки международной автомобильной перевозки КНР №46002, №46006. Россия № 1263275 считать недействительными.

*** 1966 ж. туылған Джабыров Ерлан Тогызбаевич атына тіркелген М.Сапарбаев атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық институтының “Құқықтану” бөлімін бітірген №050301 Дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Моминова Шакарбека Искадаровича, умершего 03.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел.8-771-383-43-47.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бейсенбиева Турдыбек Куралбаевича, умершего 11.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Даулетбай Б.Б. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 112/22 тел.8-775-315-89-98.

*** Открылось наследство после смерти гр. Миркамлиева Махамеджан Абдрахмановича, умершего 27.01.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел.8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Куатбекова Мухит Пернебаевича, умершего 14.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел.8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аязханова Аяна, умершего 01.09.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул. Аскарлова 32 тел.8-701-753-69-00.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тагаевой Гулжазира Абдусаттаровны, умершей 21.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э. г.Шымкент ул. Тулеметова 35 тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дуйсенби Айжамал Смайлыкызы, умершей 03.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент Нурсат 39/1 тел.8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Алшынбаевой Бакыт Ермановны, умершей 22.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Батыршаевой К.Ж. г.Шымкент ул. Туркестанская 2/4 а. тел.8-701-717-38-91.

*** Открылось наследство после смерти гр. Игнатьева Анатолий Васильевича, умершего 07.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88 тел.8-702-146-22-74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Едилова Садыгула Слановича, умершего 24.09.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мусаевой А.Н. г.Шымкент ул. Жангельдина 19/2 тел.8-701-717-15-35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Капустина Владимир Михайловича, умершего 06.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменову А.О. г.Шымкент ул. Капал батыра 4 тел.8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Досжановой Калипы Амзеевны, умершей 30.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С. г.Шымкент Нурсат 39/1 тел.8-778-403-54-05.

*** Открылось наследство после смерти гр. Баяндиевой Кыздаркул, умершей 22.07.2023г. Наследникам

обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул. Дулати 205/3 тел.8-705-410-09-24.

*** Открылось наследство после смерти гр. Хидуанова Мурат Джалдыбаевича, умершего 07.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Тулеева А.Т. г.Шымкент пр. Республики 43 А. тел.8-702-505-55-65.

*** Открылось наследство после смерти гр. Травкина Надежда Владимировны, умершей 18.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандосовой Г.С. г.Шымкент ул. Байтурсынова 5-14. тел.8-702-888-07-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Муминбаева Турдимата, умершего 28.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел.8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жусипова Бакытжан Бегайдаровича, умершего 17.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Примбетову А.Ш. г.Шымкент пр. Тауке хана 35/1 тел.8-702-497-31-31.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нартаева Кенжебая, умершего 06.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Ингинбаевой Р.А. г.Шымкент ул. Кабанбай батыра 14/23. тел.8-701-407-52-26.

*** Открылось наследство после смерти гр. Перцевой Татьяны Васильевны, умершей 24.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 22 тел.8-771-307-55-22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тангышбаева Мурата Омралиевича, умершего 12.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсебаеву Р.Р. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел.8-701-751-80-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Трущбина Евгений Юрьевича, умершего 03.03.2005г. Наследникам обращаться к нотариусу Шолпанкуловой Э.М. г.Шымкент пр. Республики 13. тел.8-701-336-76-76.

*** Открылось наследство после смерти гр. Лихтнер Александр, умершего 17.01.2015г. Наследникам обращаться к нотариусу Шолпанкуловой Э.М. г.Шымкент пр. Республики 13 тел.8-701-336-76-76.

*** Открылось наследство после смерти гр. Лихтнер Наталья Анатольевна, умершей 09.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Шолпанкуловой Э.М. г.Шымкент пр. Республики 13 тел.8-701-336-76-76.

*** Открылось наследство после смерти гр. Краснюк Виктор Сергеевича, умершего 07.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул. Гагарина 54. тел.8-701-340-92-97.

*** Открылось наследство после смерти гр. Авимовой Натальи Николаевны, умершей 08.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88. тел.8-702-146-22-74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Жетибаева Айдархана Тилеулиевича, умершего 27.09.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу

Тулуповой Н.А. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 54. тел.8-701-176-14-39.

*** Открылось наследство после смерти гр. Досбенбетова Нурлан Шаймахановича, умершего 15.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Танбергенову С.А. г.Шымкент мкр. Нурсат 39/1 тел.8-777-686-66-13.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ли Наталья Евгеньевна, умершей 04.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41. тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тажикулова Нурмагамада Тойчиевичи, умершего 11.07.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул. Мадели кожа 1 Г. тел.8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мамбетова Курал Рискуловича, умершего 14.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Батырхановой Г.Ж. г.Шымкент ул. Капал батыра 7 тел.8-708-890-10-21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нарымбаева Талгат Муртазаевича, умершего 01.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41. тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Маннаковой Райсы Садыковны, умершей 07.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Назарбековой Ж.А. г.Шымкент ул. Калдаякова 9 тел.8-701-454-74-46.

*** Открылось наследство после смерти гр. Красильникова Юрии Борисовича, умершего 19.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Сулейменовой А.О. г.Шымкент ул. Капал батыра 4. тел.8-701-685-85-85.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кыдырбаевой Улжан Мырзабайкызы, умершей 16.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Сазанбаевой Р.А. Туркестан. обл. г. Ленгер ул. Бектайулы 74. тел.8-776-366-19-72.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кулагиной Людмилы Григорьевны, умершей 10.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч.А. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41. тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абубакирова Жанат Сиргебаевича, умершего 16.10.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул. Дулати 205/3 тел.8-705-410-09-24.

*** Открылось наследство после смерти гр. Копжасаровой Гулдарина Куанышбаевны, умершей 26.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой А.Ж. г.Шымкент пр. Республики 21-34. тел.8-707-616-49-34.

*** Открылось наследство после смерти гр. Торбай Жумагул, умершей 28.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Амирханову Е.Н. г.Шымкент пр. Кунаева 59. тел.8-777-417-72-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Кретовой Веры Михайловны, умершей 22.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Абишевой Ч. г.Шымкент ул. Уалиханова 219-41 тел.8-777-887-47-77.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ахметовой Кульжамаш, умершей 15.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88. тел.8-702-146-22-74.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нурмухаметовой Разии Шарифуллаевны, умершей 09.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Алдашовой Ж.А. г.Шымкент ул. Калдаякова 7 тел.8-702-664-23-64.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдиева Нурлан Абдалимовича, умершего 26.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул. Калдаякова 8-7 тел.8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Саипназарова Маккамбай Тажибаевича, умершего 17.11.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Абдигафурова Октам Шарасуловича, умершего 05.09.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Дроздовой Нины Николаевны, умершей 25.04.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сейитова Гафуржана Махмуджановича, умершего 14.12.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Тургунбаева Равшан Рахимбаевича, умершего 16.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Хайитметова Зиямата Нурметовича, умершего 15.11.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Талибова Бахтияр Агабековича, умершего 27.02.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Кенжебекову С.К. г.Шымкент ул. Сарема б/н.

*** Открылось наследство после смерти гр. Султанова Еркнат Султанулы, умершего 28.09.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Бексултанову А. Туркестан. обл. с. Шауелдер ул. Жибек жолы 22/5 тел.8-778-306-93-65.

*** Открылось наследство после смерти гр. Шабалина Владимира Анатольевича, умершего 21.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Усмановой А.А. г.Шымкент ул. Иляева 17. тел.8-776-359-59-14.

*** Открылось наследство после смерти гр. Махотина Любовь Дмитриевны, умершей 30.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Оспановой Г.Д. г.Шымкент ул. Уалиханова 184. тел.8-707-499-46-76.

АЙҒАҚ МЕДИА

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарында есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор

Сейсенбай АХМЕТ - журналист

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

А Мақаланың жариялануы жекпе-жекпен.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86, Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30, Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25 Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

Таралымы: 1009

Нөмірдің кезекші редакторы - Аралым ӘБСАПАТ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асытын материалдар қабылданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

